

139

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ**

қор	<u>2175</u>
тізбе	<u>1</u>
іс	<u>54</u>

Алматы қаласы

Нысанбек
Төрешұлов

"Кеңен - кешен ақын", "О себе
я пою - народе пою".
К. Әзірбаевтың 100 жылдығына
арналған мақалалар.
Қазақ, орыс тілдері.
Машинкалық нұсқалар.

Бастапқы және соңғы мерзімі 1984

Құжат саны _____

Парақ саны 36

қор	<u>2175</u>
тізбе	<u>1</u>
іс	<u>54</u>

Кенен Әзірбаевтың туғанына 1
100 жыл

Кенен=кемел ақын.

Халқымыздың атақты, арқалы ақын композиторы Кенен Әзірбаевтың туғанына биыл 100 жыл толып отыр. Тал бойына табиғат дарытқан алуан сырлы, сан қырлы өнерімен Кенекең 80 жылдай тапжылмастан туған отанға қалтқысыз қызмет еткен кең тынысты кемел ақын еді.

Жұптап айтқанда, ол ең алдымен әнші=ақын. Ғұмырында 150 дей өн шығарып, оның текстін тудырған композитор. Кенен өлең, жыр мен өн=күйді өнікті теге толғаған талант иесі. Екі жүздей лирикалық, дидактикалық арнау, толғаулардың авторы. Ондаған эпикалық дастан жырлап, тыңдаушысының құлақ құтырышын қандырған жыршы. Көп ақындармен айтысқа түскен сөз сайыскері.

Ол жай ғана ақын емес, азамат ақын еді. Он алтыншы жылғы халық азаттық қозғалысының сарбазы шұғылалы ұлы Октябрь таңының жаршысы. Жиырмамыншы жылдарғы елімізді советтендіру кезіндегі революциялық комитеттің және алғашқы ауылдық советтің председателі. Қазақ ауылдарын жаппай коллективтендіру тұсында Браз Мандосов, Дмитрий Фурманов, Жұбаныш Бөрібаев және бірқатарымен қызметтес болған революция ардагері. Қыркыншы жылдарғы совет халқының қаһарман күрес пен жеңісінің жалынды үгітші-жыршысы.

Кене Әзірбаев 1884 жылы 19 июнь/осы күнгі Тамбыл облысы, Красногор ауданы, Мөтібулақ басында (қазіргі "Рославль совхозының орталығы) кедей=шаруа семьясында туған. Ата=бабалары жалшылықпен өмір кешкен "бесжалаңаяқ" атанған кедейлер екен. Сол "бесжалаңаяқтардың" бірі Мандабайдан - Әзірбай, Ниязбай, Әбденбай деген үш ұл тарайды. Бұлардың бөрі шетінен сауықшыл, домбыра тартқыш, өлең айтқыш, көкпар шапқыш, той-мерекенің

әнші=күйші сал=серісі болады. Сүйінбай ақын кезінде "Қасқарауда тоғыз күйт бар, соның бірі - "бес жалаңаяқтар" деген екен.

Бірақ, аталары сауықшыл Мандабай балаларын өсіресе, ересегі Өзірбайды "үй шаруасына қарамай кетеді" деп ақындық, салдық құруға жібере бермейді. Өзірбай олардың сөзін тыңдамай домбырасын беліне қыстырып, қайда той=жиын болса, содан табылып отырған.

Өзірбайдың әйелінен екі ұл, екі қыз туады. Алпысқа келген шағында баласы қаза болады. Екі қызы ұзатылады. Кейін әйелі өліп, Өзірбай бір үйде бір өзі қалып қояды. Өзірбай қарттың бұл халін көрген Кебекбай ^{шешен} бір жолы өзінің Ақыш деген батыр досына келіп:

-Мынау Өзірбайдың үйі иесіз қаңрап қалды ғой. Қызыңның басы бос, бірін осыған қоссайшы?! - деп, қолқалайды. Досының көңілін қимаған Ақыш Өзірбайға кіші қызы Ұлдарды қосады. Кенен сол Ұлдардан туады. "Өзірбай шал балалы болды" деп, ауылдастары қуанысады.

Ұлдар да сауықшыл, әсем әуенді әнші болады. Сол тәңіректің той=томалағы Ұлдарсыз өтпейді. Кішкентай Кенен от басында, еке қасында отырып, талай=талай тамылжыған күй, жырлар, ертеке, аңыздар, шешесінен талай әсем әндер тыңдайды.

Бірақ, жас Кенен ана тәрбиесін көп көре алмайды. Жасы жетіге толғанда Ұлдар өледі. "Байдың әйелі өлсе төсегі жаңғырады, кедейдің әйелі өлсе басы қаңғырады" дегендей Өзірбай қарт кішкене Кененін күшәқтап қала береді.

Өзірбай жалғыз баласын Абданбай деген туган інісінің қолына қалдырып, өзі ұзатқан қыздарына айлап=жылдап қыдырып кетеді. Абданбайдың аяғының мүкісі бар екен. Ол басқа жұмысқа жарамай, бақалшылық қылып жазда алма=өрік, қыста айна=тарақ

сатып, жалғыз жауыр атанымен ел кезіп, сауда=саттық жасайды. Абданбайдың әйелі Әлиман "Шешесін жалмаған сорлы баланың соры жүгады" деп кішкентай Кененді шеттете береді.

Мұны көрген Әзірбай бұл қорлыққа шыдамай, "Ортақ өгіз=ден оңаша бұзауым артық" деп, қара лашық тігіп бөлек шығады. Өзі Құлшабай, Әлимен деген бай ағайындарының қойын, баласы қозы=сын жайып, өзкүндерін өздері көре бастайды. Осы жылдардан бастап Кененнің ақындық өнерге ынтасы ауады. Қамыстан сырнай, ағаш=тан домбыра жасап, өзі тұстас балалармен "айтысып", кейде "жең=іп", кейде "жеңіліп" жүреді.

Әзірбай ақын туысы Сарыбастан Кененді ақындыққа баулуды өтінген. Мұның үстіне Кененді көп тәрбиелеген осы елдегі оқы=ған, көзі ашық Еркебай болған. Ол өзі домбырашы, ақ үстінде түрлі өнер көрсететін еті тірі жігіт еді. Еркебай той=жиынға Кененді ертіп баратын=ды. Жас Кенен оған әбден үйір болып ала=ды. Оның үйіне келіп домбырасын тартып, кейде алып кетіп жүре=ді. Бір күні Еркебай:

-Домбыраға тиыштық бермедің ғой, ме, мынаны тартып жүр!
- деп, қолдан шапқан кішкене ақ домбыраны Кененге ұстата са=лады. Қойшы бала "Жерден жеті қоян тапқандай" қуанып домбыралы болып үйіне келеді. Содан былай қарай Кененнің қолынан домбы=ра түспейді. Жеті жасынан өзіне рухани серік болған, Еркебай ағасы берген сол бір кішкентай ғана ақ домбыра Кененнің музей=үйінде әлі ілулі тұір.

Бала Кененнің жас жүрегін жарып шыққан түүнғыш әні!
"Бозторғай" ең әуелі қойшылар арасына тарады. Ән ертеден қара кешке дейін бай қойының соңында жүрген қойшы=қоландардың мүүн=ын мүүндады. Олардың қайғы=қасіретіне ортақ болып, көңіл күйін

қозғады.

Кененнің жасы он алтыға келгенде қатар жатқан көрші елдегі Бибол байдың Құрман деген немересі үлкей той жасайды. "Той десе қу бас домалайды" демекші, бұл тойға Кенен де бармақ болады. Сөйтіп ол бірге қой жайып жүрген Аянбай досына қойын қосады да, Көкшолағымен тепең қағып, "Көбекбай" жолына шыға келсе, сән-салтанат құрып, тойға кетіп бара жатқан қыз-келіншектерді көреді. Кенен оларды қуып жетеді. Мұндай кезде албырт жігіт қарап тұрған ба? дереу Шелипа деген байдың қызымен айтыса кетеді. Өсемі киінген астында шайқалма жоргасы бар Шелипа қауыр тон, жалбыр тымақты, жіп ноқталап көкшолақ ат мінген қойшыны мазақ етеді. "Арғы атаң сенің еді Жалаңаяқ", "Өкең байғұс ұстап жүр қазан-аяқ", "Қойыңды жөндеп бақсайшы сандалмай-ақ" дейді қыз.

Кенен қыздың бұл сөзін арсынбайды, қайта: "Қызы едің сен бір байдың өтпей жүрген, жиырма беске келгенше кетпей жүрген. Көрмегендей мақтанба, байдың қызы, мен қойшы сендей қызды ептей жүрген" - деп, өрши түседі.

Жол-жөнекей шығарған күлкі-сықаққа толы "Көкшолақ әні" келе жатқан жұртты таң-тамаша қалдырып, езіне үйіріп өкетеді. Тойға келген әр елдің әуесқойлары Кенен "Көкшолағын үйреніп ауылдарына қайтады. Міне, ақынның "Көкшолақ" атты күлдіргі әні елге осылай тараған еді.

Енді әнші бала атанған Кененді бір күні Қордай бекетінде істейтін Еркебай Базаров шабарманын жіберіп алдырады. Ол Кененнің үстіндегі жаман қомытын тастатып, жаңаша киіндіріп, қырғыз манабы Шабданның асына ертіп барады. Бұл жиынға Қастектен жалғыз атын сабаллап, домбырасын жебелеп Жамбыл да жетеді. Ол ақпалы термесін, Кенен "Көпшілік көрсін әнімді" атты өлеңін айтып ел кезіне түсіп, екеуі де жүлделі болып қайтады.

Міне, осыдан былай қарай Кенен Өзірбаев өнші-ақын ата-нады. Ел сеніміне ие болғансын оған ерекше шабыт, ынта пайда болады. Кененнің өншілік, ақындық жолы осылай басталады.

Ақынның жасы отыздан асып қалған жігіт шағы. Бұл кезде ол жалшылық, жоқшылық бастан өтіп, ер жеткен, өз алдына отау тігіп семьялы болған, ақын жігіт атанып, қазақ-қырғызға өнерімен таныла бастаған-ды.

Ел жайдаудан, ойға түсіп, егістерін жиып-теріп жатқанда, Жетісу өңіріне патша жарлығы дүңк ете қалады. Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағыларды хаттап ауылнай, болыстар діңкілдей бастайды. Қара жұмысқа жігіт бермейміз деп халық бұқарасы көтеріледі. Бұл ұлт-азаттық қозғалысты Бекболат Өшекеев пен Өли Нұрғожаев басқарғаны тарихтан мәлім. Сол жасаққа үгітші ақын болып Қордай ^{ақын} Кенен Өзірбаев қосылады. Ол Өли батыр бастаған қолдың сарбазы бола жүріп "Аттан!", "Қайран елім қайда?", "Бұлбұл" деген өндер шығарып, жігіттерді жігерлі күреске шақырады.

Кенен ақын бұл жылдары талай айқас, шайқастарға қатысады. Талай жеңістердің куәсі болады.

Осы бір қасіретті оқиғалардың басы - қасында болып, көзімен көрген ақын сол жылдардан бастап "Өли батыр" дастанын жырлай жүреді. Кейін оны бірнеше қайтара түзеп, өңдеп поэзиялық үлкен туынды дәрежесіне жеткізеді. Ақынның бұл дастаны оқушы жұртшылыққа қазақ, орыс тілінде кең тараған.

Жастайынан жалшылықтың табы арқасына батқан Кенен Өзірбаев Октябрь таңын, бақытты жаңа дәуірді құшағын жайып, қуана қарсы алды.

Жер мен көкті сілкінітіп,
Он жетінші жыл келді.
Бостандық таңы арайлап,

Теңдік деген үні келді.
 Әлемге жайып шұғыласын,
 Лениндей күн келді.
 Ұлы Октябрь толқынын
 Ту астында ел көрді...

деп жырлайды ол, Октябрьге арналған бұл өлеңінде. Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап оны ауылдастары ауылдық советтің председателі етіп сайлады. Бұл жылдары Кенен ақын бай-кулақтарды тежеуші, Қосшылар одағын ұйымдастырушылардың алдыңғы сапында болды. Сөйтіп ол қазақ ауылдарын советтендіру жұмысына белсене араласты.

1921 жылы Кенен Өзірбаев Қордай облыстық революциялық комитеттің председателі болып тағайындалды. Сол жылдарғы бір өлеңінде ол:

Күтылып нашарлықтан жетілгенім,
 Бұрыңғы ойдан кетті өкінгенім.
 Большевик партиясы көтермелеп,
 Қордайға Ревком боп бекінгенім -

деп жырлады.

Бұл жылдары Кенен Қордай атырабында жас Совет өкіметінің нығаюына атсалысты. Ол уақытта Азамат соғысының жүріп жатқан кезі. Қазақ даласын, Орта Азияны ақ бандылардан, басмашылардан тазарту ең басты міндет болатын. Сондықтан Ревкомның күрделі жұмысы жаңадан ұйымдасқан Қызыл Армияны азық-түлікпен қамтамасыз ету, киім-кешек, қару-жарақпен жасақтау, оларға көлік даярлау еді.

х х х

Советтік дәуіріміздің алғашқы күндерінен бастап Кенен творчествосындағы бір өнікті де, өзекті тақырып Ұлы Октябрь

көсеміміз В.И.Лениннің жарқын бейнесін жырлау болды. Бұған Октябрь революциясының екі жылдығына, жиырма бес, отыз, қырық жылдығына арнаған ағынды термелері мен бірқатар елең-цивалдары дәлел. Ол шын мәнінде Октябрь жыршысы еді. 1924 жылы данышпан көсеміміз В.И.Лениннің қаза болуын аза тұтып "Ленин бабам" деген ән шығарып, оны ел арасында өзі айтып жүрді.

Ленин жер жүзінің шырағы еді,
 Басқарып еңбекші елді күтiрап еді.
 Қалдырған өсиетін орындайды,

Артында Компартия мұрагері -
 деп шырқалатын бұл ән сонау жиырмасыншы жылдардан бастап әлі күнге дейін ел арасында айтылып келеді.

Қазақ әдебиті мен өнерінің 1936 жылғы Москвада өткізілген Онкүндігіне қатысты. Ұстазы Жамбылмен бірге Мөззелейге кіріп көсемнің келбет=бейнесін көрді.

Кенен жыр атасы Жамбылмен қырық жылдай молдас болған ақын. Ол екеуінің достығы сонау қырғыз елінде 1902 жылы өткен жиыннан басталады. Одан кейін 1919, 1924 жылдары ⁴³⁶¹ ұйнағашта өткен Октябрь мерекесінде кездесті. Соның артынша Алматыда болып өткен халық ақындарының алғашқы слетінде олар тағы бас қосты.

Жамбыл Кененді өте жақсы көрген. Оны өзінің сенімді шөкірті деп санаған. Қай жаққа барса да Кененді ертіп алатын. Бір жолы екеуі Алматыға келгенде Жамбыл:

Кенен, Кенен дейді ғой елдің бәрі,
 Қаладағы шулайды жас пен көрі.
 Төрт аяғы тең түсіп елеңіңнің
 Құлағыңнан кетпейді салған әні -

деп оған шын ілтипат білдірген.

Екеуі 1934 жылғы Алматыда болған ақындар айтысына да бірге барды. 1937 жылы Грузиннің ұлы ақыны Шота Руставелидің "Жолбарыс терісін жамылған батыр" атты дастанының 750 жылдық тойына барғанда да ол Кененді жанынан біре елі тастамады. О^{сы}дақтық жазушылар ұйымының мерекелі Пленумінде Жамбыл Шотаға арнаған жырын шертті. Онан соң Кененгек кезек келеді. Сонда ол той үстінде отырып Кавказ елі, онда бірқатар өмірін өткізген Пушкин, Лермонтов сынды үлкен ақындар туралы, және халықтар достығын, туған халқының байлығын жырлады. Кенен сол жолы Демьян Бедный, Михаил Шолохов, Алексей Толстой, Микола Бажан, Павло Тычина және басқалармен жүзбе-жүз дидарласады.

Кешегі Ұжы Отан соғысы жылдары майданда баласы мерт болған Жамбыл қатты қайғырып бас көтермей жатып қалған ғой. Сонда Жазушылар О^{сы}дағындағы ақын, жазушылар: "Бір тыңдаса, Кененді тыңдар, екеуі ажырамыс дос, сырлас еді ғой" деп Кененді ертіп келген. Ол келген бетте:

Не күшті дүниеде адам күшті.
 Көрдіңіз бір ғасырда талай істі.
 Миуалы уулы Отанның дарағы едің,
 Жел соғып, жемісің жерге түсті -

дегенде, қарт Жамбыл "Сен, Кененбісің-ей, Кәненім, келген екен ғой" деп басын көтеріпті. Бүұл да болса екі адамның жан ашыр достығының бір белгісі.

Кенен бір ғана Жамбыл емес, басқа да көптеген ақын, өнші, жыршылармен жиі кездесіп, оларменен достық, творчестволық қатыста болған. Кенен мен Балуан=Шолақ арасындағы достық кездесу тіптен ертеде болса керек. Бүұл кездесу жөнінде академик - жазушы Сәбит Мұқанов өзінің "Балуан Шолақ" атты повесінде жақсы суреттеген.

Кенен Шашубай Қошқарбаевтай асқан өнерпаз ақынмен де

жолдас болған. Талай бірге жүріп, ән мен жырдың дүкенін қыздырған. Ол Шашубаймен алғаш рет кездесуін былай әңгімелейді.

-Шашубайды алғаш рет Айдарбекке (Қасқарау елінің сыйлы адамы) ат - бөйге болған жылы көрдім. Орта бойлы, қызыл шырайлы, тікірейген мұртты, өткір көзді кісі екен. Өлеңді көбінесе ат үстінде екі аяғын үзеңгіге шіреп тұтырып, он екі тілді гармоньмен айтатын еді. Күлдіргі өлеңдерін айтқанда басыңдағы қалпағы бүлкілдеп, біресе желкесіне, бір есе маңдайына түсіп, ойнап тұратын. Қызыл кеткенде өлеңді қоя салып, ат үстінде цирк артистерінше ойнап кетеріні де бар-ды. Ат үстінде тұрып, сабаудың ұшына ілеген, табақты шырқ көбелек айналдыратын. Жиналған жұрт артынан жүйткіп қалмайтын.

-Осындай да ақын болады екен-ау? Өзі адам ба, әлде сиқыршы ма? - деп, оны көрген ел таң қалысатын. Мен сол жолы таныса келіп, онымен достастым. Шашубай сол жайында Сарбаспен айтысты. Екеуі жеңісе алмай, біраз сілкілесті. Ол Сарыбасты кемсіте бастаған соң Ноғайбай шешен: "Ақыншылық сел-дария десеңді, тасыса ол елді алып кетеді" деп екеуін тоқтатты. Ол Жетісу елінде көп жылдар тұрып қалды. Үстіне ақ отау тікті, үйлі-жайлы, балалы-баранды болды. Мен онымен талай рет бірге жүріп, той-жиындарға бардым. Шашубайдың Жамбылмен айтысқаны көз алдымда. Бүгін айтыс 1909 жылы Алматыдағы Бұланбай (Шараның әкесі) үйінде болып еді. Бұлар да көп салғыласты...

Осы айтыстарға қатысуым мен үшін үлкен мектеп болды. Шашубаймен ең соңғы рет Москвада дидарластым. Бұл 1949 жыл болатын. Сол жерде жиналып қалған дос-жарандарға екеуміз біраз ән, жыр айтып бердік...

Ал, Кенен Әзірбайевтың қырғыз ақындарымен достық қарым-қатнасы өз алдына бір сала әңгіме. Кенен аулы аралас, қойы

қоралас қырғыз елінің атақты ақындары Тоқтағұл, Тоғолақ, Өлімкүл, Оспанқұл, Қалмырза, Төкпелермен алысып дос болып кеткен.

Бір жиында Кенен қырғыздың Төкпесімен кездеседі. Өлеңді тегіп айтатын болғансоң "Төкпе" атанып кеткен жыршы өзінің үш ішекті құмысымен түрлі ән-күйді тегіп отырады. Кезек Кененге келгенде оны айтысқа шақырады. Екеуі бір з қақтығысқан соң, Кенен "дос болайық, осы домбыранды бер" деп оның шешен домбырасына жабысады. Төкпе "мініп жүрген қасқа атымды ал, комусымды сұрама" дейді. Отырған қырғыз, қазақ, дунғандарқ "бере ғой дос болыңдар!" деген сөзінен соң, Төкпе өзінің кер жолақ домбырасын беріп жатып:

-Бұл Алатаудың шың басында ескен қарағайдан шабылған, суға үш қайыра қайнатылған, күрге тастаса қаңсымайтын, суға тастаса су сіңбейтін, ыстық=суығыңды білмейтін, күндіз=түні бірдей сарнайтын домбыра. Достық белгісі болсын саған бергенім - депті.

Кененнің қырғыз ақындарымен творчестволық байланысы күшті. Оның өлең, әндерін Өлімкүл, Оспанқұл, Төкпелер өз ауылдастары арасында шырқаса, олардың жыр=шертпелерін Кенен қазақтың қала=даласына жайып келеді.

Қайсыбір ақын болмасын өзінің ұстаздары, замандас ақын, жыраулары, ақындық, айтқыштық (импровизаторлық) өнер жөнінде сөз қозғағанда, ағыла жөнелетін әдеті емес пе.

-Ілгері де Қабан деген ақын өткен. - дегенді ол бір сөзінде баласы тұрмаған соң әкесі оның атын Қабан қоя салыпты. Қабан өсе келе ірі ақын болған. Сол Қабанды Сүйінбай ұстаз тұтқан. Өлеңді қардай боратып айтар екен сабазың.

Сүйінбайда жырды осылайша термелейтін. Оның шәкірті кешегі

Ламбыда да сол әдет болатын. Жекеннің топ алдына шыққанда әуелі домбырасын сабалап, екі иығын қомдап, құнжындап, бүлкілдей жөнелгенін сан рет көрдік: Біздің жақын ағаларымыз Сарыбас ақын да жыр айтарында өз құлағын өзі бурап-бурап алатын. Кейін менде сөйтетін болдым. Осының бәрі де ақынның шабыт шақырар, өзін-өзі қамшылап қыядырар әдет-салты-ау деймін. Қарт жырау әңгімесін одан әрмен жалғастыра берді.

- Әне бір жылы қайтыс боларының алдында Үмбетәлі келді.

Төкпе жырдың қара жорғасы жырау жүдеп қалған екен. Мен оны көңілдендірейін дедім де, домбырамен өзінің бір термесіне салып, төрден анау есікке дейін құйрығымен ыргала жылжып барып, отырған орныма қайтып келдім. Есіл ақын көзіне жас алды. Қайтсін ақындық өнері, жас есіне түскен ғой... Сол Үмбетәлі жырды осылай айтар еді. Осы өмірде Бейсенбай деген ақын болды. Ол өленді қара танымасада ақ қағазға қарап, кәдімгі хат оқығандай сәмпылдайтын. Ал, Әмір ақын алақанына қарап жыр толғайтын. Қаратаудың күнге бетіндегі "Шалдар" деген ауылдан шыққан Италмас ақын өлен айтарда түрегеп тұрып, екі қолын артына ұстап қасқайып тұрып жыр төгер екен. Шашубай болса өлен, әнді көбінесе ат үстінде екі аяғын үзенгіге шіреп айтқанды ұнатқан...

Осы кезде сырттан біреулер келе жатқандай болды. Кенекеннің үлкен баласы Көркемжан кіріп:

- Ата, сізге пионерлер келіп тұр - деді.

Ақын әңгімесін үзе берді.

- Е-е-е, салалар болса келсін!

Мойындарында қызыл галустуктері бар, болтиған беттері Қордайдың суық желімен алауланған бір топ жастар үйге кіріп жатыр.

Бәрі ақынды айнала отыра қалысты. Қолында қызы галстугі бар біреуі:

- Ата, сізді тоқсаннан асқан шағыныда мынау немере балаларыңыз құттықтап, құрметті пионер қатарына қабылдайды. Мойнына балстук тағылған жырау пионерлерге аталық алғысын жаудырды.

Тағы бір әңгіме Кенекеннің шәкірттері жөнінде болып еді.

- Шәкірттерге келгенде - деді ол - ең алдымен Шолпанқұлды атауға тиіспін. Ол менен көп кіші болатын. Жастайымыздан бірге өстік. Той-жыныға бірге барып өлең айттық, ән шырқадық. Талай ақындармен айтысқа түстік те. Оның қоныр жай даусы әуенді келетін. Шолпанқұл өлең-жырды тез жаттайтын. Менің айтқан жана ән, термелерімді сол отырыстың өзінде-ақ өзіме қайта айтып беретін. Оның сондай ақындық, алғырлық қабілеті күшті болатын. Ол менің әндерімнен басқа халық әндерін де көп білетін. Жыны тойдың гүлі еді ғой Шолпан! Жұртты үнемі көңілді, әжуа сөздермен ду-у күлдіріп отыратын. Сондықтан оны жыныға көбірек шақыратын Шолпанқұл "Той бастар", "Бет ашар", "Шілдехана", "Жар-жар" сияқты халықтың тұрмыстық салт жырларын сол тойдың үстінде жанынан шығарып тойға қатысқандарға ылайықтап нәсердей төгетін. Шіркін, Шолпанқұл тынысым еді. Кешегі майданда мерт боп кетті ғой...

Кенекеннің әңгімесіне қарағанда өзінің өнер жолын қуып жүрген бұл өңірде Асылқұл, Несіпбек, Алтынбек, Жақсылық сияқты жастардың да бар екенін білдік. Олар ақын ұстаздарына жиі келіп, ән, жырларын үйреніп қайтатын көрінеді. Бүгін де бұл жас талапкерлердің бірі автоклубта, біреулері халық театрында істейді. Өзінің әндерін Асылқұлдың, терме-жырларын Несіпбек пен Алтынбектің "Домбыра", "Қулақ күй" мелодиясын Жақсылықтың тәуір орындайтынына қария сүйсініс білдірді.

- Ал, өз балаларыңыз ше? - дегенімде Кенекен басын шайқанқырап қойды да:

- Өнерді үйренемін десе бәрінде де қабілет бар - деді. Бірақ қунттамайды. Балалыққа салына береді. Балаларыма кішкентайынан домбыра кихухих тартуды, ән салуды үйреттім. Солардың ішінде Төрткеніме тентімін. Ол соңғы жылдары көптеген әндерімді үйреніп, олардың кейбірін радиодан шырқап жүр. Оны өздерінде тыңдаған шығарсындар...

Кенекен есіп-өнген, көп семьялы жан болған. Оның елуден асатын үрім-бұтақтары бүгінде бір қауым ел. Кененің мен оның жарты ғасыр отандасқан жұбайы Насиха туажатын көрген ардақты ата, ана. Ең тұңғыш қызы-Талжібек, одан Фатима /немере/, Фатимадан Жуман /шебере/, одан Жігер /туажат/ - міне, бұл әуелі дарактың шақтап бұтақтаған бір тармағы ғана. 1974 жылдың июнь айы. Кенен аулы - С.М.Киров атындағы колхоз орналасқан село сыртындағы боз адырда тамаша бір дүбірлі той болды. Бұл жиын осы ауыл перзенті, советтік заманымыздың Жамбылдан кейінгі жырауы - Кенен Әзірбаевтың 90 жасқа толған құрметіне өткізілді. Тойды әуелі бастаушы Жамбыл облысының еңбекшілері еді. Кейін оны қостап, қуаттаушы бүкіл ел болып кетті. Ақынның жерлестері ауыл сыртына 150 дей ақ отау тігіп, тойға келушілерді аяғынан тік тұрып күтіп алды. Атбөйге, қыз қуу, балуандар күресі, ақындар айтысы деісізбе, бар қызық сонда болды.

Осы тамашалар алдында салтанатты мәжіліс өтті. Оны ҚКП Жамбыл облыстық комитетінің бірінші секретары Х Бектурганов ашты.

Қазақ ССР Жоғарғы советі Президумының председателі Б.Ниязбеков торқалы той иесін Ленин орденімен наградталған ұказды оқып,

омыржуына орден тақты. Бул - төртінші орден. Одан бұрын Кенен ақын екі рет "Құрмет белгісі", бір рет "Еңбек қызы ту" ордені және көптеген медалдармен наградталған болатын. Совет одағы бойынша халық ақын, шыршы, ашуг, бақшы, шайырлар ішінен төрт рет орденмен наградталған әзірге осы ақын.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары үш мәртебе Социалистік Еңбек Ері Димаш Ахметович Қонаев жолдастың Кененге жазған хаты оқыды.

"Қымбатты Кенен аға!

Халқымыздың аты әйгілі, сүйікті ақыны, композиторы, дана Жамбылдың шәкірті және серігі Сізді торқалы тойыннабен, ері еліміздің ең жоғары наградасы - Ленин орденін алуыннабен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздің жалынды сөздеріңіз қазақстан ғана емес, одан тыс жерлерге де кенінен мәлім. Олар адамды даналық пен ұшқыр ойға, үлкен толғанысқа, терең сезімге бөлейді. Жұртшылықтың зор сүйіспеншілігіне ие болған тамаша ән жырларыңызды жастық оты, қажымас қуат бар. Әлеуметтік ауқымы кең, талантты творчествоңыз бәрімізге де қымбат. Өйткені, ол туған халқымыздың өміріне тамырын терең жайған, оған адал қызмет етеді.

Қымбатты Кенен аға, өзіңізге шын жүректен мықты ден саулық, зор бақыт және творчестволық жана табыстар тілеймін.

Д. Қонаев".

Москвадан келген СССР Жазушылар Одағының бірінші секретары Георгий Марков той иесін шын жүректен құттықтады:

- Кенен ата, Сіздің асқан талантыңыз қазақ халқын тағы бір қырынан, яғни басқа халықпен ұлы достығын дәлелдей түсті. Сіз-

дің есіміңізді әдебиеттегі поэтикалық өнердің алыптары Сүлеймен Стальский, Жамбыл Жабаевпен қатар қоямыз. Біздің елімізде халық творчествосы, суырып салма ақындар өнері жоғары бағаланды. Осы өнердің алдыңғы қатарлы өкілдері Қазақстан ақындары болып саналады.

Қазіргі дәуірде совет әдебиетінің қос қанаты бар: оның бірі - ауыз әдебиеті болса, екіншісі - жазба әдебиеті. Бұл лениндік саясаттың миллиондаған халықтың жүрегіне жол тапқандығының және көп ұлтты совет әдебиетінің жеңісі... Онан соң Қырғыз ССРы халық жазушысы Шыңғыс Айтматовта тебрене сөйледі.

-Кенен ата, менсі сізге Алатауда қанаттас жатқан, бір туған қырғыз елінің шын жүректен қайнап шыққан жалынды сөлемін жеткізу үшін ат сабылтып, өзіңізге төжім ету үшін әдейі келдім. Сіз, Кенен ата, қазақ-қырғызға тең ортақ ұлы атамсыз. Сіздің тойыңыз біздің тойымыз. Сіздің мерекеңіз біздің мерекеміз. Бүгінгі ұлан-асыр той ұрпақтарымыздың ұрпақтары аңыз етіп айта жүретін ғажап той болды.

Қырғыз елі Сізді, Кенен ата өзінің ең таңдаулы ұлдары, өзіңізбен замандас үзеңгілес, дастархандас, дәмдес болған, Кетісудағы қырғыз-қазақ жерін бірге араласқан, атағы жер жарған Оспанқұл, Өлімқұл, Атай, халық және басқа да бұлбұлдай сайраған ақындарындай көреді. Солардай ардақ тұтып, сізді өз атамсыз, өз ақынымыз, өзіміздің өнердей асқар Алатауымыз деп есептейді. Ел бақытына туған қадірменді ата, тоқсан жылдық торқалы тойыңыз құтты болсын! Қырғыз халқы сізді "Бозторғай" өнін айтып, аспандағы торғайға мұң қосқан жалшы, қойшы кезіңізден жақсы біледі. Өміріңіз ұзақ болып, қазақ-қырғыз халқының ақжалтай ақыны ретінде Жамбылдай жүз жасап, жарқылдап жырлай беріңіз.

Осылайша торқалы той иесіне шын жүректен шыққан құттық таулар жалғасып жатты.

Мұндай дүбірлі тойда ақындар қарап қалғанба, оларда екеу ара айтысқа түсіп жатты. Әсіресе, күрішті Қызылордадан келген ақын **И**М**а** Манап **Б**Женов пен Кенекең шөкірті Асылқұл Бурбаев, Талдықорған ақыны Мұқаш Байбатыров пен Үмбетелі ақынның шөкірті Әсімхан Қосбасаров айтыстары тыңдаушыларды дән риза етті.

Қысқасы, Кенен тойы дүбірлі, шат-шадыманды болып өтті. Көзінің тірісіндехұяқ туғанына 90 жыл, ақындық қызметіне 80 жыл толуын атап өткен мұндай думанды той бұрынды=соңды бола қоймаса керекті.

Кенесі жылы 91 ге толған ақынға сәлем бере барғанымызда ол бізді қуана қарсы алды.

-Келгендердің мұндай жақсы болар ма, - деді ол - отырған орнынан бірырғалып қойып - мына бір белі күрғырым шойрылып қалғаны болмаса, көкірегім сау кеудемді өлең=жырмен өн=күй толғағы кернеп шыдатпай, мазамды ала береді, бұрыңғыдай шырқап кетер дәрмен жоқ. Сол шіркін жазып ала беретін біреу болса... Япырмай деген тасқынды бұлақ, жыр қайнар десеңші. Өзінің ғұмырлық серігі ақ домбыраны қалына ұстата беруіміз сол екен, ақын ағылып қоя берді:

Он жасымнан өн шырқап, өлең айтып,
Халқымның қандырып ем құулақ құршын.
Мың сөйлеп, жүзкүлдіріп еңбекші елді,
Сайраған саядағы бұлбұл құс ем.
Астана Москваға тоғыз бардым,
Өн шырқап Қазақстан халқы үшін.
Толғанда тоқсан жасқа той тойлаған,
Халқымның көббенкі көрдім қуанышын.

Бағалап ән-жырымды Компартия,
 Медаль мен орденге толды төсім.
 Елестеп көз алдымнан өтіп жатыр
 Секілді сол өмірлер көрген түсім.
 Тілден басқа денемнің бәрі өзгеріп,
 Түсе-түсе таусылды отыз тісім.
 Айнала Алатауды шапқан дүлдүл,
 Жарылып кетпей отыр қайтіп ішім.
 Тарихта елеңім мен жырым жүрсін,
 Халықта ән-күйіммен үнім жүрсін.
 Айтқаны атамыздың рас қой деп,
 Оқыған ұрпақтарым біліп жүрсін.
 Сығалай суретімді басып алып,
 Төріне ескерткіш қып іліп жүрсін.

Бұл ескерткіш деп аталған ән-елеңінен үзінді. Сол жолы Кененнің аузынан "Балалық шақ", "90 жастың тойында", "Тоқсан бір толғауы", "Әжем-ай", "тамаша ой", "Насихаға", "Аспан қара", "Күм төбе", "Танисың", "Фурмановты" қарсы алғыда "Төрткенге", "Енді менде арман жоқ" деген біртоп элең-жырын жазып алдық. Осының көпшілігін өз әнімен орындап шығып еді.

Тарлан жырау бақсақ, бұл ғұмыр бойы ән мен жырды серік еткен қарт дүлдүлдің көкейіндегі ең соңғы жыр толғағы, сарқындысы екен ғой. Кешікпей-ақ 1976 жылдың 12 апрель күні 92 жасында қайтты ол.

"Ақынның аты, ғалымның хаты өлмейді" дегендей, Кенен Әзірбаев артына мол мұра қалдырып кетті. Жоғарыдағы жинақта айтылған поэзиялық туындыларының өзі жүз баспа табаққа жетерлік. Ал, ақын айтқан прозалық аңыз, әңгіме, естеліктер қаншама? Олардың езіде томдық дүниелер.

Аша-Аша-16, 4-к. Краевы
 28 кв.5. Тел: 33-95-09.

Нысанбек Тодықұлов.
 Филология ғылымдарының
 кандидаты.